

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің «Петропавл
қаласының білім бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі «Сафуан Шаймерденов
атындағы қалалық классикалық
гимназиясы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное
учреждение «Городская
классическая гимназия имени
Сафуана Шаймерденова»
коммунального государственного
учреждения «Отдел образования
города Петропавловска»
коммунального государственного
учреждения «Управление
образования акимата Северо-
Казахстанской области»

БҰЙРЫҚ

22.09.2023

Петропавл қаласы

ПРИКАЗ

№ 155

г. Петропавловск

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына байланысты және Коммерциялық емес акционерлік қоғам «Адамның үйлесімді дамуының Ұлттық институтының» Ғылыми-әдістемелік Кеңестің шешімі 2023 жылдың 15 тамыздағы №4 Хаттамасына, қалалық білім бөлімінің № 1109 19.09.2023 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

- 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
 - Ата-аналарды (заңды тұлғаларды) педагогикалық қолдау жөнінде ақпараттандырылсын.
 - Интернет-ресурстарында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бөлімі ашылсын.
- Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
 - Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;
 - **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына:** ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету; Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу **Абжанова Светлана Асқатовнаға** жүктелсін;
 - **Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына:** Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі

барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету **Гришанова Светлана Ивановнаға** жүктелсін;

- **Мектеп кітапханашысына**: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету **Каликова Ырысжан Бекеновнаға** жүктелсін.

3. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен және шығармашыл педагогтер арасынан Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобы құрылып, құрамы бекітілсін.
4. 2023-2024 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
5. Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.
6. Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу, педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөнінегі орынбасары **Рахимова Диана Аманғалиқызына** жүктелсін.
8. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру **сынып жетекшілерге** жүктелсін.
9. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
10. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумда тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.
12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры

К.А.Муканова

Таныстырылды:

Рахимова Д.А. _____

Гришанова С.И. _____

Абжанова С.А. _____

Каликова Ы.Б. _____

